

Паспорт образовательной программы

Дата регистрации в Реестре

2022.06.27 12:20

Регистрационный номер

15259

Дата обновления паспорта ОП:

2022.06.27 12:27

Код и наименование специальности:

07140300 Мехатроника (салалар бойынша)

Код и наименование квалификации/квалификаций:

4S07140302 Техник-мехатроник

Регион:

Шығыс Қазақстан облысы

Организация ТипПО (Разработчик):

« Көлік колледжі» КМҚК

Партнеры-разработчики:

Семей қ. «Таксомоторлы паркі» ЖШС, «Семей инжиниринг» АҚ

Цель ОП:

Автомобильдердің электр, электрондық және мехатрондық жүйелеріне қызмет көрсетуге және оларды жөндеуге, автокөлік құралдарын пайдалануды қамтамасыз етуге қабілетті мамандарды даярлау.

Уровень по НРК:

4

Уровень по ОРК:

4

Профессиональный стандарт (при наличии):

« Робототехника (роботтар мен олардың жиынтықтауыштарын өндіру)» Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 30.12.2019 ж. №286 бұйрығына № 42 қосымша, «Электр жабдықтарын пайдалану және жөндеу» Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 02.05.2019 ж. №86 бұйрығына № 3 қосымша

Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

Мехатроника

Форма обучения:

күндізгі

База образования:

негізгі орта білім

Язык обучения:

мемлекеттік

Общий объем кредитов:

240

Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:

19.04.2022 ж.

Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:

№0067084

Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:

№0067084

Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):

22.12.2018 ж.

Отличительные особенности ОП:

жоқ

Сведения о содержании модулей/дисциплин:

	Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ЖБП 1. Математика	Байланысты пәндерді оқу, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Пән келесі бөлімдерден тұрады: «Функция, оның қасиеттері мен графигі», «Тригонометриялық функциялар», «Көпмүшелер», «Математикалық статистика және ықтималдық теориясы», «Дәрежелер мен түбір. Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функция шегі және үзділіссіздігі», «Туынды және оны қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Комплекс сандар», «Дифференциалдық теңдеулер», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және	7/168

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері».	
ЖБП 2. Информатика	Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән: «Аппараттық және программалық қамтамасыз ету», «Деректерді ұсыну», «Ақпараттық процестер мен жүйелер», «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру», «Қосымшаларды әзірлеу», «Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік» сияқты бөлімдерді зерттейді.	4/96
ЖБП 3 Қазақ тілі	Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті», «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті», «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	және норма», «Сәулет өнері», «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі», «Экология: ядролық және мұнай өндірістері», «Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция», «Әлемді өзгерткен өнертабыстар», «Туризм: экотуризм»	
ЖБП 4 Қазақ әдебиеті	Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Қазақтың Қанышы», «Парасат пайымы», «Тарих тағылымы», «Кеңістік пен уақыт», «Зобалаң заман шындығы», «Ғасырлық туынды», «Табиғат және адам»	3/72
ЖБП 5. Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика»,	5/120

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>«Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность – права человека», «Современное общество: миграция».</p>	
ЖБП 6. Шетел тілі	<p>Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « Legend or Truth», «Natural Disasters», «Virtual reality», «Organic and non-organic worlds», «Reading for pleasure», «Capabilities of human brain», «Breakthrough technologies», «Space X», «Making connections in biology», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», «Human brain», Investigate and report on timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», «STEM», «Reading for Pleasure», «Independent project», «The clothes of chemistry».</p>	5/120
ЖБП 7. Қазақстан тарихы	Қазақстанның түрлі тарихы	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>кезеңдердегі этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи үдерістегі орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «. Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «. Білім мен ғылымның дамуы».</p>	
ЖБП 8. Өзін-өзі тану	<p>Жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыруға, оның рухани жетілуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына, үйлесімді дамуына ықпал етеді, өзін және басқа адамдарды қабылдауға және түсінуге ықпал етеді, ашықтықтың, әлеуметтік жауапкершіліктің, шығармашылық белсенділіктің және өмірді жағымды қабылдаудың дамуына ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі».</p>	3/72
ЖБП 9. Дене тәрбиесі	<p>Жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың</p>	6/144

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу».	
ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі», «Әскери қызметтің құқықтық негіздері», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары», «Тактикалық дайындық», «Атыс дайындығы», «Саптық дайындық», «Әскери топография», «Әскери роботты техникалардың негіздері», «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері», «Технологиялық дайындық».	4/96
ЖБП 11. Физика	Ғылыми дүниетанымның негіздерін, әлемнің жаратылыстану бейнесін тұтас	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>қабылдауды, табиғат құбылыстарын байқау, талдау және бекіту қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді, әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізін құрайтын іргелі физикалық заңдар мен принциптер туралы білімді, табиғатты ғылыми тану әдістерін дамытуға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Механика», «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Электромагниттік тербелістер», «Электромагниттік толқындар», «Оптика», «Салыстырмалы теорияның элементтері», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология».</p>	
ЖБП 12. Химия	<p>Заттар мен олардың өзгерістері, заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастырады, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіреді, химиялық процестерді, заңдар мен олардың заңдылықтарын түсінеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Заттардың бөлшектері», «Периодтылық. Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары», «Химиялық реакциялар энергетикасы», «Химия және қоршаған орта», «Химия және өмір»..</p>	5/120
ЖБП 13. География	<p>Географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындайтын геоэкологиялық, экономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған білімді, іскерлікті және</p>	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>дағдыларды қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары».</p>	
ЖБП 14. Дүниежүзі тарихы	<p>Түрлі тарихи кезеңдерде әлем тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғыну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы».</p>	2/48
ЖГП 1. Кәсіби орыс тілі	<p>Өзінің кәсіби қызметі шеңберінде қарым-қатынас жасау үшін қазақ тілінің грамматикасы мен терминологиясы туралы білімді қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Моя профессия», «Производство транспорта», «Основные детали двигателя», «Трансмиссия», «Механизмы управления», «Общие обязанности водителей и пассажиров», «Документация».</p>	3/72
ЖГП 2. Кәсіби шет тілі	<p>Студенттерді белсенді сөйлеуге, яғни кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ағылшын тілінде</p>	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>өз ойларын білдіруге және қарым-қатынас серіктесінің ойларын түсінуге, техникалық жазбаша мәтіндерден ақпарат алуға, сондай-ақ ағылшын тілін өз бетінше жетілдіруге үйретуге ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « The early days of the automobile», «Motor car clubs and museums», «Materials a car is made of», «The engine».</p>	
ЖГП 3. Дене тәрбиесі	<p>Жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері».</p>	10/240
ӘЭП 1. Философия негіздері	<p>Қалыптасқан құндылықтарды жаңа заман талаптарына сәйкес анықтау, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің әлемдік өркениет пен мәдениетке қол жеткізудегі үлесін көрсету, этномәдениеттің типтік ерекшеліктерін анықтау, ежелгі мәдениеттің белгілерін жандандыру мәселелері қарастырылады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Мәдениет теориясының жалпы мәселелері», «Әлемдік мәдениеттер мен өркениеттер», «Отандық мәдениеттің теориясы»</p>	1/24

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	мен тарихы»,»Әлемдік діндердің мәдениетті дамытудағы орны».	
ӘЭП 2. Экономика негіздері	Студенттердің экономика бойынша ғылыми дүниетанымын, экономикалық категориялар мен заңдарды жүйелі түсінуін, экономикалық үдерістерді зерттеу әдістемесін меңгеруін қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Экономика теориясының негіздері», «Микроэкономика негіздері», «Макроэкономикаға кіріспе», «Әлемдік экономика негіздері».	1/24
ӘЭП 3. Әлеуметтану және саясаттану негіздері	Саяси білімді, билік тарихын, мемлекетті, партияларды, элиталарды, саяси ойды дамытудағы көшбасшыларды қалыптастырады, ҚР саяси өмірінің ерекшеліктерімен, қоғамның саяси құрылымымен таныстырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Саясаттану пайда болуы мен дамуының негізгі кезеңдері», «Саясаттану және әлеуметтану әлеуметтік ғылым ретінде».	2/48
ӘЭП 4. Құқық негіздері	Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге, білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруға, азаматтық, әлеуметтік-кәсіптік, жеке міндеттері мен функцияларын шешуді және орындауды қамтамасыз ететін әлеуметтік-жеке құзыреттерін дамытуға ықпал етеді. Пәннің мазмұны мынадай бөлімдерді қамтиды: «Мемлекет, құқық және мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы негізгі ұғымдар», «Құқықтың негізгі салалары».	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
ЭЭП 5. Өндіріс экономикасы	Нарықтық экономика, маркетинг және менеджмент туралы нақты түсінік алуға, еңбек пен өндірісті ұйымдастырудың негізгі принциптерін, негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерді есептеу әдістемесін, өндірістік қызметті бастапқы есепке алу, есеп беру және талдау дағдыларын игеруге ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Автомобильдерге техникалық қызмет көрсетудің ұйымдық құрылымы», «ТҚС материалдары және техникалық қамтамасыз етілуі», «Негізгі қорлар». , «Айналым қаражаты қорлары», «Еңбек ресурстары және еңбек өнімділігі», «Автомобильге техникалық қызмет көрсету құны», «Автомобильдерге қызмет көрсету бағасы».	3/72
ЖКП 1. Сызу	Техникалық сызу ережелері, сызбаларды ресімдеу ережелері туралы білімді қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Сызбаларды графикалық рәсімдеу», «Сызба геометриясының негіздері проекциялау түрлері», «Проекциялық сызу», «Машина жасау сызу», «Автомобильді сызу негіздері», « AUTOCAD жүйесі туралы жалпы мәліметтер».	3/72
ЖКП 2. Техникалық механика негіздері	Теориялық механика, материалдардың кедергісі және машина бөлшектері туралы білімді қалыптастырады, механикалық қозғалыс заңдылықтарын, құрылымдық элементтерді беріктікке, қаттылыққа, тұрақтылыққа және машина	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	бөлшектері мен қарапайым механикалық құрылғылардың құрылысына есептеу әдістерін зерттейді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Теориялық механика», «Статика», «Кинематика және динамика элементтері», «Материалдар қарсыласуының негіздері».	
ЖКП 3. Электртехника электроника негіздерімен	Электр тізбектерінің құрылысы, олардың мақсаты, электр машиналары мен электр аспаптарының жұмыс принциптері, оларды іс жүзінде қолдану туралы білімді қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Жалпы электротехника бөлімі», «Электроника негіздері».	3/72
ЖКП 4. Металл өңдеу негіздері	Ол материалдардың құрылымы мен қасиеттерінің өзара байланысын, оларды алудың және бұйым жасаудың заманауи әдістерін, автомобиль өнеркәсібінде қолданылатын материалдардың қызмет ету мерзімін болжауды, металдар мен қорытпаларды өңдеу әдістерін зерттейді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Металлургия негіздері», «Қара және түсті металдар өндірісі», «Құрылымдық материалдар», «Термоөңдеу технологиясы», «Конструкциялық материалдарды өңдеу әдістері».	3/72
ЖКП 5. Қоршаған орта мен еңбекті қорғау	Автокөлік кәсіпорнына қатысты еңбек заңнамасының негізгі ережелері, қауіпсіздік талаптары, өндірістік санитария, өртке қарсы техника және қоршаған ортаны қорғаудың негізгі ережелері туралы білімін қалыптастырады.	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Еңбекті қорғауды ұйымдастыру», «Қоршаған ортаны қорғауды ұйымдастыру», «Өрт қауіпсіздігі».	
ЖКП 6. Қолданбалы информатика	Информатика курсында алған білім негіздерін мамандық бойынша практикалық есептерді шешуде, алған жұмыс дағдыларын курстық және дипломдық жобалауда қолданады; мәтіндік және графикалық редакторларды пайдалана отырып, мәтіндік құжаттаманы әзірлеу құралдарының практикалық негіздері (іс жүргізуде, дипломдық және курстық жобаларды жобалауда және т.б.); мамандану бағыттары бойынша меншікті мәліметтер қорын құру; мамандықтың нақты бөлімдері, арнайы пәндердің пәндері бойынша мәліметтерді есепке алу үшін электрондық кестелерді әзірлеу. Келесі бөлімдерді оқиды: «Ақпараттық жүйелер», «Ақпараттық технологиялар», «Операциялық жүйелердің мақсаты мен функциялары», «ДК архитектурасы», «ДК бағдарламалық қамтамасыз ету», «Компьютерлік желілер. Ғаламтор».	2/48
ЖКП 7. Кәсіпкерлік қызмет негіздері	Кәсіпкерлік қызмет негіздері бойынша білім кешенінің теориялық негіздерін игеруге, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруда ұтымды және тиімді шешімдерді таңдауға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Бизнес-	1/24

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ойлау психологиясы», «Бизнес-идеяны таңдау», «Бизнес-модель, жоспарлау», «Маркетинг және маркетингтегі зерттеулер», «Сату стратегиясы», «Бизнестегі негізгі ресурстар», «Операциялық қызмет», «Бизнестің қаржылық моделі», «Инвестициялар тарту және мемлекеттік қолдау шаралары», «Даму стратегиясы. Кәсіпкердің жауапкершілігі».	
АП 1 Көлік құралдарына, жүйелерге және гараж жабдығына қызмет көрсету және күтім жасау (ТҚ)	Автокөлік құралдарының мехатронды жүйелері жұмысындағы ақауларды өз бетінше анықтау, автокөлікке техникалық қызмет көрсету үшін технологиялық жабдықты пайдалану, автопарктен шығар алдында жүргізушілерге нұсқау беру дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету негіздері», «Автокөлікке техникалық қызмет көрсетудің технологиялық жабдықтары», «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету технологиясы».	3/72
АП 2. Рульдік басқару мен электрондық реттеу жүйелеріне қызмет көрсету және жөндеу	Автокөліктің рульдік құрылғысы, оның түрлері, басқаруға әсер ететін факторлар, сонымен қатар автомобильді басқарудың мехатронды жүйелері туралы білімдерін қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі тарауларды қамтиды: «Рульдік басқарудың конструкциясы және жұмысы», «Рульдік басқаруға техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Дөңгелектердің бұрыштарын реттеу».	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
АП 3. Энергия жүйесі мен іске қосу жүйелеріне қызмет көрсету және жөндеу	Электр энергиясы және тұрақты және айнымалы ток көздеріне техникалық қызмет көрсету және ақаулықтарды жою туралы білімдерін қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Электрмен жабдықтау жүйесі», «Іске қосу жүйесі».	2/48
АП 4. Қозғалтқыштың құрылысы, техникалық қызмет көрсетуі және жөндеуі	Формирует представление о рабочих процессах в двигателях внутреннего сгорания, о конструкциях различных типов автомобильных двигателей, устройство и принцип действия всех узлов и механизмов двигателей. Содержание дисциплины включает следующие разделы: «Устройство и работа двигателей», «Техническое обслуживание двигателей и их систем», «Ремонт деталей и узлов автомобильных двигателей».	2/48
АП 5. Жол қозғалысы ережелері	Жол қозғалысы ережелері туралы білімді, қозғалыс қауіпсіздігіне әртүрлі жағдайлардың әсерін, жол - көлік оқиғаларының алдын алу тәсілдерін, жазатайым оқиғалар кезінде дәрігерге дейінгі көмек көрсету тәсілдерін және «автомобиль көлігінің жылжымалы құрамы» пәні бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Жол жүру ережелері», «Жол қауіпсіздігі».	3/72
АП 6. Автомобиль агрегаттары мен тораптарын жөндеу	Сервистік орталықтарда агрегаттарды, жинақтау тораптары мен бөлшектерін және мехатронды жүйелерін қалпына келтірудің озық әдістері мен технологияларын ұйымдастыру	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>туралы білімдерін қалыптастырады, жаңа немесе жұмыс істеп тұрған өндірістерді, сервистік орталықтарды техникалық қалпына келтіру және жаңа жобалау негіздерін әзірлеуді қамтамасыз етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Автомобиль жөндеу негіздері», «Автомобильді күрделі жөндеу технологиясы», «Бөлшектерді қалпына келтіру әдістері», «Жүйелерді, механизмдерді және бөлшектерді жөндеу технологиясы», «Автомобиль кәсіпорындарындағы жөндеудегі еңбекті техникалық нормалау», «Автомобиль жөндеу кәсіпорындарының өндірістік алаңдарын жобалау негіздері».</p>	
<p>АП 7. Автомобильдің электр және электрондық жүйелеріне қызмет көрсету және жөндеу</p>	<p>Кәсіпорынның электр цехындағы стационарлық және тасымалданатын стендтерде құрылғылардың конструкциясы мен жұмысы, құрылғыларда пайда болған ақауларды анықтау және жою, сондай-ақ жеңіл және жүк көліктерінің мехатронды жүйелері мен электр жабдықтарының құрылғыларын сынау және реттеу дағдыларын меңгеру туралы білімді қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Электрмен жабдықтау жүйесі», «Оталдыру жүйесі», «Отынмен жабдықтау жүйесі», «Іске қосу жүйесі», «Аспаптар», «Жарықтандыру және сигнал беру жүйесі», «Қосымша жабдық қосулы.яборттық желі», «Тежегіштерді басқару жүйесі».</p>	<p>4/96</p>
<p>АП 8. Автомобильдердің</p>	<p>Борттық желі және мехатронды</p>	<p>3/72</p>

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
<p>борттық желісіне техникалық қызмет көрсету</p>	<p>жүйе, борттық желіге қызмет көрсету, борттық желідегі ақауларды жою туралы білімдерін қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Борттық желіге қызмет көрсетудің жалпы түсініктері», «Қоректендіру жүйелеріне техникалық қызмет көрсету», «Жарықтандыру жүйесіне техникалық қызмет көрсету», «Қосымша жабдыққа техникалық қызмет көрсету».</p>	
<p>АП 9. Трансмиссия, жүріс және тежегіш жүйелерінің құрылғысы мен қызмет көрсету</p>	<p>Автокөлік құралдарының және мехатронды жүйелердің ақауларын анықтау, өнімділік көрсеткіштерін ажырата білу, трансмиссия агрегаттарын бөлшектеу және құрастыру туралы білімдерін қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Автокөлік құралдарының беріліс қорабы», «Трансмиссия механизмдері», «Шасси, шанақ, кабина», «Басқару механизмдері» «Автокөліктің тежеу жүйесі».</p>	<p>4/96</p>
<p>АП 10. Сервистік қызмет көрсету, кепілдік жөндеу</p>	<p>Жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету және кепілдік жөндеу негіздері, қандай да бір агрегаттың, агрегаттың және механизмнің істен шығуына әкелетін негізгі мәселелер, жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсетудің әдістері мен принциптері, көлік кәсіпорны қызметкерлерінің кәсіби этикасы туралы білімдерін қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Қызмет көрсету және кепілдік жөндеу», «Қозғалтқышқа техникалық қызмет көрсету және</p>	<p>3/72</p>

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	жөндеу», «Трансмиссияларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Жүріс бөлігі механизміне техникалық қызмет көрсету және жөндеу».	
АП 11. Қозғалтқышты басқару жүйесін диагностикалау және жөндеу	Борттық тізбектегі және мехатрондық жүйелердегі ақауларды анықтау бойынша білімді қалыптастырады, көлік құралдарының, сондай-ақ қуат көздері мен тұтынушылардың электр жабдықтарының құрылымы мен жұмысын зерттейді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Автомобильді диагностикалауды қолданудың функциялары мен әдістері», «ТҚК және жөндеудегі диагностиканың орны», «Диагностикаға арналған аспаптар мен жабдықтар», «Диагностикалау әдістері».	2/48
АП 12. Автомобиль мен гараж жабдықтарының қосымша жүйелерін жаңғырту және пайдалануға беру	Автомобиль көлігінде қолданылатын заманауи технологиялық жабдықтарды қолдану және технологиялық жабдықтың тиімділігін арттыратын ең тиімді техникалық шешімдерді әзірлеу әдістері мен тәсілдері туралы білімдерін қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Көлік кәсіпорындарында және автомобильдерде жаңа техниканы енгізу», «Мехатроникалық жүйелер», «Мехатрондық жүйелердің диагностикасы», «Электрондық жүйелер».	1/24
АП 13. Жайлылық пен қауіпсіздік жүйелерін диагностикалау және жөндеу	Автомобильдердегі мехатрондық жүйелер мен жайлылық пен қауіпсіздік жүйелерінің жұмысы және диагностикалық және жөндеу жұмыстары туралы білімдерін	1/24

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі тақырыптарды қамтиды: «Климаттық жүйелерді, кондиционерді диагностикалау, жөндеу және техникалық қызмет көрсету», «Қауіпсіздік жастықшасын диагностикалау және жөндеу», «Ұрлыққа қарсы жүйелерді, орталық құлыптау жүйелерін, электр терезелерін, орындықты реттеу жүйелері, айналар мен рульдік дөңгелегін диагностикалау», « ABS ESP, ParkTronic, круиздік бақылау жүйелерін диагностикалау және жөндеу», «Автоматты беріліс қорабының электронды басқару жүйесін диагностикалау», «Көлік құралдарының экологиялық жүйелерін диагностикалау».</p>	
<p>АП 14. Автомобильдердегі автоматтандырылған басқару жүйелері</p>	<p>Автомобильге техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезіндегі жөндеу және технологиялық жабдықтардың жұмысы туралы білімдерін қалыптастырады. Автомобиль көлігінің тиімді және ұтымды жұмысын ұйымдастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Карбюраторды автоматты басқару жүйелері», «Электрондық қозғалтқышты басқару жүйелері», «Механикалық отын бүрку жүйелері», «Отын бүркудің орталық жүйелері», «Таралымды отын бүрку жүйесі».</p>	<p>2/48</p>
<p>ОП 1. Слесарлық-механикалық практика</p>	<p>Металдарды суық күйде өңдеу, қол аспаптарын, қарапайым көмекші құралдар мен жабдықтарды (құралдар, кесуге, бұрғылауға, майыстыруға, престоуге арналған станоктар) пайдалана отырып, жабдықтардың, механизмдердің</p>	<p>6/144</p>

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	және құрылғылардың барлық түрлерін құрастыру, орнату, демонтаждау және жөндеу дағдыларын қалыптастырады.	
ОП 2. Пісіріп дәнекерлеу практика	Студенттердің дәнекерлеу жұмыстарында, әртүрлі болаттан, түсті металдардан және олардың қорытпаларынан бөлшектерді пісіру және кесу, дәнекерленген жіктердегі ақауларды анықтау және дәнекерлеудің сапасын бақылау бойынша бастапқы кәсіби дағдыларын қалыптастырады. Келесі бөлімдерді қарастырады: «Дайындық – дәнекерлеу жұмыстары», «Электр дәнекерлеудің жабдықтары, техникасы және технологиясы», «Электр доғалық дәнекерлеу және металды кесу технологиясы».	3/72
ӨО 1. Көлік құралдарына, жүйелерге және гараж жабдығына қызмет көрсету және күтім жасау (ТҚ)	Жұмыс жоспары мен линиядағы көліктердің қозғалысының кестесін құру, оларға адамның қатысу дәрежесіне байланысты өндірістік процесті таңдау, таныстыру, жұмыс орнында нұсқамалық сабақтар өткізу дағдыларын меңгереді. Пәннің практикалық мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету негіздері», «Автомобильдерге техникалық қызмет көрсетудің технологиялық жабдықтары», «Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету технологиясы».	3/72
ӨО 2. Рульдік басқару мен электрондық реттеу жүйелеріне қызмет көрсету және жөндеу	Автомобильдің рульдік құрылғысына, сондай-ақ автомобильді басқарудың мехатронды және электронды жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	дағдылар мен дағдыларды қалыптастырады. Келесі бөлімдерді қарастырады: «Рульдік басқаруды жобалау және пайдалану», «Рульдік басқару жүйесіне техникалық қызмет көрсету және жөндеу. руль», «Дөңгелектің бұрыштарын реттеу».	
ӨО 3. Энергия жүйесі мен іске қосу жүйелеріне қызмет көрсету және жөндеу	Мехатронды жүйелер, оталдыру жүйелері мен іске қосу жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және пайдалану дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Электрмен жабдықтау жүйесі», «Іске қосу жүйесі».	3/72
ӨО 4. Қозғалтқыштың құрылысы, техникалық қызмет көрсетуі және жөндеуі	Қозғалтқыштардың түрлерін, агрегаттарын және олардың жұмыс принципін анықтау, автомобиль қозғалтқыштарының бөлшектерін бөлшектеу және құрастыру, жиі кездесетін ақауларды анықтау, автомобиль қозғалтқыштарын орнату және демонтаждау бойынша жұмыстарды орындау дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. Мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қозғалтқыштар мен олардың жүйелеріне техникалық қызмет көрсету», «Автомобиль қозғалтқыштарының диагностикасы».	3/72
ӨО 5. Автомобиль агрегаттары мен тораптарын жөндеу	Автожөндеу кәсіпорындарында автокөліктерді және мехатронды жүйелерді, агрегаттарды, аспаптарды, шиналарды және бөлшектерді күрделі жөндеудің технологиясы мен ұйымдастыруы бойынша, техникалық реттеуде, сондай-ақ автокөлік жөндеу кәсіпорындарының жаңа өндіріс	6/144

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>орындарын, цехтарын қайта құру негіздерін меңгеру бойынша дағдыларды қалыптастырады. Мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Автомобильді күрделі жөндеу технологиясы», «Бөлшектерді қалпына келтіру әдістері», «Жүйелерді, механизмдерді және бөлшектерді жөндеу технологиясы», «Қозғалтқышқа техникалық қызмет көрсету (ТҚ)», «Автомобильдегі автомобиль қозғалтқыштарының диагностикасы».</p>	
<p>ӨО 6. Автомобильдің электрлік және электронды жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу</p>	<p>Автомобильдің мехатронды және электрлік борттық жүйесіне техникалық қызмет көрсету, электрондық датчиктердің жұмысқа жарамдылық күйін анықтау, сыртқы электрондық құрылғыларды қолданбай датчиктерді диагностикалау дағдыларын қалыптастырады. Мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Электрлік аймақтарда жұмыс істегенде қолданылатын құрылғылар мен құралдар», «Диагностикалық құрылғылар», Электрондық жүйелерге техникалық қызмет көрсету (ТҚ)».</p>	<p>6/144</p>
<p>ӨО 7. Автомобильдердің борттық желісіне техникалық қызмет көрсету</p>	<p>Мехатронды жүйеге және борттық желіге техникалық қызмет көрсету, борттық желідегі ақауларды анықтау дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Энергия көздеріне техникалық қызмет көрсету», «Жарықтандыру жүйесіне техникалық қызмет көрсету», «Қосымша жабдықтарға техникалық қызмет көрсету».</p>	<p>3/72</p>

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
<p>ӨО 8. Трансмиссия, жүріс және тежегіш жүйелерінің құрылғысы мен қызмет көрсету</p>	<p>Көлік құралдарының тораптары мен агрегаттарын бөлшектеу және құрастыру, заманауи құрылғыларды пайдалана отырып механизмдер мен мехатронды жүйелерді бөлшектеу және жинау, трансмиссия агрегаттарын бөлшектеу және құрастыру дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Автокөлік құралдарының беріліс қорабы», «Трансмиссиялық механизмдер», «Шасси, шанақ, кабина», «Басқару механизмдері» «Автокөлік тежеу жүйесі».</p>	<p>6/144</p>
<p>ӨО 9. Сервистік қызмет көрсету, кепілдік жөндеу</p>	<p>Кез келген агрегаттың, агрегаттың және механизмнің ақаулы жұмыс істеуінің себебін анықтау қабілетін, жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету әдістері мен принциптерін, көлік кәсіпорны қызметкерлерінің кәсіби этикасын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Қызмет көрсету және кепілдік жөндеу», «Қозғалтқышқа техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Трансмиссияларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Жүріс механизміне техникалық қызмет көрсету және жөндеу».</p>	<p>3/72</p>
<p>ӨО 10. Қозғалтқышты басқару жүйесін диагностикалау және жөндеу</p>	<p>Борттық тізбектің және мехатронды жүйелердің ақауларын анықтау дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Автомобильді диагностикалауды қолданудың функциялары мен әдістері», «ТҚК және жөндеудегі диагностиканың орны»,</p>	<p>3/72</p>

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	«Диагностикаға арналған аспаптар мен жабдықтар», «Диагностикалау әдістері».	
ӨО 11. Автомобиль мен гараж жабдықтарының қосымша жүйелерін жаңғырту және пайдалануға беру	Технологиялық жабдық объектілерінің режимдері мен жұмыс жағдайларын талдау, патенттік ақпаратты зерделеуде жүйелі тәсілді қолдану дағдыларын қалыптастырады. Пәннің практикалық мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Көтергіш-тексеру жабдықтарына техникалық қызмет көрсету», «Мехатрондық жүйелерді сынау», «Мехатрондық жүйелердің диагностикасы», «Электрондық жүйелер».	3/72
ӨО 12. Жайлылық пен қауіпсіздік жүйелерін диагностикалау және жөндеу	Автомобильдердегі мехатронды және жайлылық пен қауіпсіздік жүйелерінің жұмысы және диагностикалық және жөндеу жұмыстарын орындау дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі тақырыптарды қамтиды: «Климаттық жүйелерді, кондиционерді диагностикалау, жөндеу және техникалық қызмет көрсету», «Қауіпсіздік жастықшасын диагностикалау және жөндеу», «Ұрлыққа қарсы жүйелерді, орталық құлыптау жүйелерін, электр терезелерін, орындықты реттеу жүйелері, айналар мен рульдік дөңгелегін диагностикалау», « ABS ESP, ParkTronic, круиздік бақылау жүйелерін диагностикалау және жөндеу», «Автоматты беріліс қорабының электронды басқару жүйесін диагностикалау», «Көлік құралдарының экологиялық жүйелерін диагностикалау».	3/72
ТП. Технологиялық	Автомобиль бөлшектерін,	18/432

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
практика	<p>мехатронды жүйелерін және механизмдері мен тораптарын диагностикалау, техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу бойынша білім мен дағдыларды қалыптастырады. Мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Тәжірибе жинақтау тақырыптарына кіріспе», «Іштен жанатын қозғалтқыштардың диагностикасы, электр жүйелері, жайлылық жағдайлары», «Жүріс механизмдерінің диагностикасы», «Автокөлік құралының кузовының параметрлерінің диагностикасы».</p>	
БП. Біліктілікті алу практикасы	<p>Көлік құралдарын пайдалану, мехатронды жүйелерге техникалық қызмет көрсету және техникалық қызмет кезіндегі қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрттен қорғау ережелерінің сақтау дағдыларын қалыптастырады.</p> <p>«Қозғалтқыштарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Электр жабдықтарын бөлшектеу және құрастыру, техникалық қызмет көрсету және жөндеу», Трансмиссиялық және жұмыс тетіктеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Жарықтандыру және сигнал беру құрылғыларын тексеру», «ТҚК жүргізу тәртібі».</p>	18/432
Аралық, қорытынды аттестаттау	-	15/360